

Автоматтандырылған өлшеу станцияларының жұмысын ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2013 жылғы 05 қыркүйектегі № 689 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 07 қазанда № 8788 тіркелді.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 12.05.2023 № 346 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 13-1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 12.05.2023 № 346 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Арнайы автоматтандырылған өлшеу құралдарын пайдалану қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Көліктік бақылау комитеті (Қ.Б.Әбсаттаров):

1) осы бұйрықты заңнамамен белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін бұқаралық ақпарат құралдарында, соның ішінде Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің интернет-ресурсында ресми жариялауды және мемлекеттік органдар интранет-порталында (МОИП) орналастыруды ;

3) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін 5 жұмыс күні ішінде мемлекеттік тіркеу туралы және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға жіберу туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация вице-министрі А.Ғ. Бектұровқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министрдің міндетін атқарушы

Р. Скляр

Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникация

Автоматтандырылған өлшеу станцияларының жұмысын ұйымдастыру қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 12.05.2023 № 346 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Автоматтандырылған өлшеу станцияларының жұмысын ұйымдастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі-Заң) 13-бабының 13-1) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Қағидалар Қазақстан Республикасының аумағында автоматтандырылған өлшеу станцияларының жұмысын ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

3. Автоматтандырылған өлшеу станцияларының негізгі міндеттері:

1) нақты уақыт режимінде арнайы бейнебақылау камерасының және өлшеу құралдарының көмегімен автомобиль жолдарындағы көлік құралдарының қозғалысын бақылау және мониторингілеу;

2) отандық және шетелдік тасымалдаушылардың Қазақстан Республикасы аумағында белгіленген рұқсат етілген габариттік және салмақтық параметрлерінің сақталуын нақты уақыт режимінде бақылау;

3) автомобиль жолдары желісінің және олардағы құрылыстардың сақталуын қамтамасыз ету және автомобиль жолдарының мерзімінен бұрын нормативтік емес тозуын төмендету;

4) отандық және шетелдік автокөлік құралдарының жүріп өтуін бақылау арқылы автомобильмен тасымалдаудың қауіпсіздігін арттыру;

5) Қазақстан Республикасының аумағында автомобиль көлігі және жол қозғалысы қауіпсіздігі саласында жасалатын әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтау процесінің алдын алу, жолын кесу және автоматтандыру.

4. Қағидаларда қолданылатын негізгі ұғымдар мен терминдер:

1) аппараттық-бағдарламалық кешен – белгілі бір типтегі міндеттерді шешу үшін бірлесіп қолданылатын бағдарламалық қамтылым мен техникалық құралдар жиынтығы ;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

2) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 25.05.2026 № 123 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2) автоматтандырылған өлшеу станциясы – метрологиялық салыстырып тексеруден өткен, фото- және бейнетүсірілімді жүзеге асыратын, автоматты режимде жұмыс істейтін, автомобиль көлік құралдарының түрін, маркасын, мемлекеттік тіркеу белгісін, салмақтық және габариттік параметрлерін, осьтік жүктемелерін және жүру жылдамдығын тіркейтін сертификатталған арнайы бақылау-өлшеу техникалық құралдарының, аспаптар мен жабдықтардың зияткерлік көлік жүйесімен интеграцияланған кешені;

3) автоматтандырылған өлшеу станциясы арқылы дұрыс өтпеу – автоматтандырылған өлшеу станциясы арқылы автокөлік құралдарының тұтас таңбалау сызығын басып немесе қиып өтуі, қарсы қозғалыс жолағына шығып өтуі, жылдамдық режимін бұзып, мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілері оқылмайтын немесе белгіленген орындардан тыс жерде орнатылған, тіркеу нөмірлік белгілері жоқ көлік құралдарының жүріп өтуі, өлшеу аумағында тежеумен, үдеумен немесе тоқтап жүріп өтуі;

4) Автомобиль жолдарын басқару жөніндегі ұлттық оператор (бұдан әрі – Ұлттық оператор) – "Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген өкілеттіктерді жүзеге асыратын, жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын акционерлік қоғам.

5) автомобиль жолдарын басқарушылар – автомобиль жолдарының меншік иелері болып табылатын немесе мемлекеттік тапсырманы орындау шеңберінде шарттардың, мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттарының, оның ішінде концессия шарттарының, мүлікті сенімгерлік басқару, жалпыға ортақ пайдаланылатын облыстық немесе аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын немесе олардың учаскелерін өтеусіз пайдалану шарттарының негізінде шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында автомобиль жолдарын басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар.

6) автокөлік құралдарын өлшеу – міндетті метрологиялық тексеруден өткен және тиісті сертификаты бар стационарлық үлгідегі салмақ өлшеу жабдығы немесе тасымалданатын ұтқыр таразылар көмегімен автокөлік құралдарының жалпы массасы мен білікке түсетін жүктемесін анықтау процесі;

7) өлшеу ауытқуы – өлшеу нәтижесінің өлшеніліп жатқан шаманың ақиқат (анық) мәнінен ауытқуы.

2-тарау. Автоматтандырылған өлшеу станцияларын қолдану тәртібі

5. Қазақстан Республикасы аумағында автоматтандырылған өлшеу станциялары жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарында орналыстырылады.

6. Автоматтандырылған өлшеу станцияларында автокөлік құралдарын өлшеу:

1) автокөлік құралын толық тоқтата отырып, стационарлық үлгідегі автоматтандырылған өлшеу станцияларында;

2) автокөлік құралының қозғалысындағы автоматтандырылған өлшеу станцияларында жүргізіледі.

6-1. Автокөлік құралдарының салмақтық параметрлерін айқындаған кезде өлшеу ауытқуы ескеріледі, ол көлік дерекқорының ақпараттық-талдамалық жүйесімен және тасымалдау қауіпсіздігі динамикасының мониторингімен (бұдан әрі – КДҚ АТЖ) автокөлік құралы салмағының өлшенген мәнінен автоматты түрде шегеріледі.

Жіберілетін қателіктің шегі осы Қағидаларға 1-қосымшаның 1-кестесінде келтірілген.

Ескерту. 6-1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 27.05.2025 № 168 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6-2. Автокөлік құралының қозғалысындағы автоматтандырылған өлшеу станциялары осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес автоматтандырылған өлшеу станцияларының негізгі сипаттамаларына сәйкес келуі тиіс.

Ескерту. 2-тарау 6-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің 27.05.2025 № 168 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Автоматтандырылған өлшеу станцияларын тексеру "Өлшеу бірлігін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

8. Автоматтандырылған өлшеу станциялары мынадай функцияларды орындайды:

1) жүріп өтетін автокөлік құралдарын тіркеу, кейін тиісті мәліметтерді интеллектуалды көлік жүйесіне (бұдан әрі - ИКЖ) және/немесе көлік дерекқорының ақпараттық-талдамалық жүйесіне (бұдан әрі – КДҚ АТЖ) жіберу;

2) автокөлік құралдарды түрі бойынша жіктеу;

3) автокөлік құралдарының мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісін айырып тану;

4) маршрут бойынша тасымалдау қашықтығын айқындамай, автокөлік құралдарының (автобустарды, шағын автобустарды және жеңіл автомобильдерді қоспағанда) рұқсат етілген салмақтық және/немесе габариттік параметрлерінің асып кетуін анықтау;

5) есептік деректерді қалыптастыру;

6) деректерді Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің Ахуалдық орталыққа (бұдан әрі – Ахуалдық орталық), ИКЖ және/немесе КДҚ АТЖ-ге жіберу;

7) автокөлік құралдарының автоматтандырылған өлшеу станциясымен дұрыс өтпеуін айқындау.

8) стационарлық автоматтандырылған өлшеу станцияларында автокөлік құралдарының салмақтық және (немесе) габариттік параметрлерін өлшеудің дұрыс өтпеуін айқындау.

Ескерту. 8-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Көлік министрінің 27.05.2025 № 168 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2025 № 452 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

9. Автоматтандырылған өлшеу станциясымен автомобиль жолдарында автокөліктік құралдарының қозғалысын бақылау және мониторинг мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) автокөлік құралы автоматтандырылған өлшеу станциясы арқылы жүріп өтеді;

2) нақты уақыт режимінде автокөлік құралының түрі айқындалады, мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі оқылады, салмақтық және/немесе габариттік параметрлері айқындалады, көлік құралын толық қамту үшін жүріп өтуді фотофиксациялау және мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісінің фотосуретінің тіркелуі жүргізіледі (алдынан көрініс, бүйірден көрініс, алдынан мемлекеттік тіркеу нөмірі);

3) аппараттық-бағдарламалық кешен қабылданған деректерді (сурет, мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі, біліктер арасындағы қашықтық, доңғалақтардың еңкулігі, жалпы салмағы, білікке түсетін жүктемелер, габариттік параметрлері, жол жүру күні мен уақыты) тіркеп, өңдейді;

4) автокөлік құралдарының салмақтық габариттік параметрлерінің артуы анықталған кезде фотобейнелер мен автокөлік құралы туралы ақпарат бұзушылықтар туралы есепті қалыптастыру және айыппұл төлеу қажеттілігі мен бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманы қалыптастыру үшін ИКЖ және КДҚ АТЖ-де сақталады;

5) өлшеу нәтижелері бойынша жүргізушіні немесе тасымалдаушыны хабардар ету мақсатында автоматтандырылған өлшеу станциясы орнатылған жерде визуалды шолу үшін қолжетімді жерде орналасқан ауыспалы ақпарат тақтасында автокөлік құралының (автокөлік құралының мемлекеттік тіркеу белгісі және салмақтық-габариттік параметрлердің асып кетуі туралы ақпарат);

6) қашықтық мониторингтің барлық функциялары Ахуалдық орталыққа автоматтандырылған өлшеу станциясының байланыс арналары арқылы түседі.

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік министрінің 29.12.2025 № 452 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9-1. Техникалық рұқсат етілген ең жоғары массасы он екі тоннадан асатын автокөлік құралдарының иелері автоматтандырылған өлшеу станциялары жұмыс істейтін аймақ арқылы жүріп өткен кезде, стационарлық типтегі автоматтандырылған өлшеу станцияларының жұмысын ұйымдастыру қағидаларында айқындалған тәртіппен автоматтандырылған өлшеу станциясында осындай автокөлік құралының нақты салмақтық және габариттік параметрлерінің өлшенуін қамтамасыз етеді:

1) белгіленген жол белгілеріне сәйкес бөлінген жолақ бойынша жүру;

2) автоматтандырылған өлшеу станциясында автокөлік құралының салмақтық габариттік өлшемінен өту;

3) автоматтандырылған өлшеу станцияларымен анықтаған бұзушылықтарды жою автомобиль жолының жақын маңындағы жол жиегінде немесе автотұрақта жүзеге асырылады.

Ескерту. 9-1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 29.12.2025 № 452 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарында автоматтандырылған өлшеу станцияларын орнатуды жол органымен келісім бойынша Ұлттық оператор жүзеге асырады.

11. Жол органымен келісу бойынша жалпыға ортақ пайдаланылатын облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарында, елді мекендердің көшелерінде автоматтандырылған өлшеу станцияларын орнату.

12. Халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарында автоматтандырылған өлшеу станцияларының жұмыс істеуін қамтамасыз етуді Ұлттық оператор жүзеге асырады.

13. Облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарында, елді мекендердің көшелерінде автоматтандырылған өлшеу станцияларының жұмыс істеуін қамтамасыз етуді жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады.

14. Ұлттық оператор және жергілікті атқарушы органдар:

1) стационарлық типтегі автоматтандырылған өлшеу станциялары орналасқан аумақты;

2) автокөлік құралдарының салмақтық габариттік параметрлерін өлшеу нәтижелері туралы (автокөлік құралының мемлекеттік тіркеу белгісі және салмақтық габариттік параметрлердің асып кетуі туралы ақпарат) автокөлік құралының жүргізушісін көзбен шолып хабардар етуді қамтамасыз ететін жабдықтар орнатуды;

3) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес ауыспалы ақпарат тақтасы параметрлеріне сәйкес ауыспалы ақпарат таблосын;

4) автоматтандырылған өлшеу станцияларының қолдану аймағында жол белгілерін орнатуды;

5) автоматты режимде жұмыс істейтін және автокөлік құралының мемлекеттік тіркеу белгісін, фронтальды бейнесін, жалпы түрін (алдыңғы көрінісі, бүйірлік көрінісі, алдыңғы мемлекеттік тіркеу белгісі) анықтай отырып, фото - және бейнежазба функциялары бар арнайы техникалық құралдарды (сервері қорғалған қалқанда орналастырылған) автоматтандырылған өлшеу станциялары арқылы өту сәтінде орнатуды;

б) жол жабынының қаттылығын қамтамасыз ететін таразы жабдығын орнату орнына дейін ұзындығы 100 метрден кем емес бөлінген жолақ бойынша бетондалған және/немесе асфальтталған, сондай-ақ автомобиль жолының жиегіне автокөлік құралы доңғалақтарының шығуын жүзеге асыруға мүмкіндік бермейтін автоматтандырылған өлшеу станциясы орнатылған жерге дейін және одан кейін екі жағынан таразы жабдығы бойымен ұзындығы кемінде 7 метр қоршауды қамтамасыз ететін жол жабыны .

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 29.12.2025 № 452 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Автоматтандырылған өлшеу станцияларының тізілімін (бұдан әрі – тізілім) жүргізуді Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитеті жүзеге асырады.

Ұлттық оператор және жергілікті атқарушы органдарға тізілімге енгізу үшін автоматтандырылған өлшеу станцияларының орналасқан жері туралы ақпаратты осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша беріледі.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 27.05.2025 № 168 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Автоматтандырылған өлшеу станциясының дұрыс жұмыс істемеу фактілері анықталған жағдайда және/немесе техникалық жұмыстарды жүргізу кезінде Ұлттық оператор және/немесе жергілікті атқарушы органдар мынадай шараларды қабылдайды:

- 1) жабдықты дереу өшіреді;
- 2) автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті органды ажырату туралы бір жұмыс күні ішінде хабардар етеді;
- 3) жабдықтың ақаулары еркін нысанда көрсетіле отырып, "Автоматтандырылған өлшеу станцияның ақауы туралы актіні (атауын)" жасайды;
- 4) жабдықтың жұмысқа қабілеттілігін жедел қалпына келтіреді;
- 5) автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті органды қосылу күні мен уақыты туралы хабардар етеді;
- 6) жабдықты осы тармақтың 5) тармақшасына сәйкес хабарламада белгіленген мерзімде қосады.

Автоматтандырылған өлшеу станциясының дұрыс емес жұмысы туралы уақтылы хабарлауды және қажетті шараларды қабылдауды Ұлттық оператор және/немесе жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады.

Ескерту. 2-тарау 16-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің 29.12.2025 № 452 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Автоматтандырылған өлшеу станцияларының негізгі сипаттамалары

Ескерту. Қағидалар 1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің 27.05.2025 № 168 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 29.12.2025 № 452 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. АӨС автокөлік құралдарының қозғалысын өлшеуге, мынадай параметрлерін өңдеуге және беруге мүмкіндік беретін сертификатталған арнайы бақылау-өлшеу техникалық құралдарының кешенін, аспаптар мен жабдықтардың, аппараттық-бағдарламалық кешенін қамтиды:

- 1) жалпы салмағы;
- 2) бір осіне жүктеме;
- 3) бір аспасында орналасқан осьтер тобына жүктеме;
- 4) осьтер тобындағы әрбір оське жүктеме;
- 5) осьтері арасындағы қашықтық;
- 6) осьтер саны;
- 7) республикалық маңызы бар жолдардағы габариттік параметрлері;
- 8) автокөлік құралының сыныбы (типі);
- 9) МТНБ тану;
- 10) қозғалыс жылдамдығы.

2. АӨС жабдығы мен бағдарламалық қамтамасыз етуі жол қозғалысына қатысушыларға кедергі келтірмейді және/немесе кедергі жасамайды, оның ішінде белгіленген жылдамдық шеңберінде автокөлік ағынының қозғалыс жылдамдығына әсер етпейді.

3. Автокөлік құралдарының массасы мен осьтік жүктемелерін өлшеу жолға орнатылған мынадай арнайы өлшеу сенсорларының көмегімен жүзеге асырылады:

1) көлік құралдарының массасы мен осьтік жүктемелерін дәл өлшеуге қабілетті, дәлдігі жоғары және сенімді құрылғылары бар өлшеу сенсорлары;

2) жолдың белгілі бір бөлігінде орнатылған сенсорлар жол жамылғысы. Олар дәл өлшеуді қамтамасыз ету үшін автокөліктің әрбір доңғалақ жиегі олардың үстінен өтетіндей етіп орналастырылады;

3) сенсорлар арнайы датчиктермен жабдықталады, олар салмақ пен осьтік жүктемелерді, сондай-ақ жалпыға ортақ пайдаланылатын жолдармен жүру кезінде көлік құралының мен габариттерін тіркейді;

4) қоршаған орта әсеріне төзімді, зақымданудан қорғалған және автокөлік құралдарының өтуіне кедергі келтірмейтін сенсорлар.

4. Өлшеу нәтижелерін қасақана бұрмалау фактілеріне жол бермеу мақсатында таразы жабдығы мен оның бағдарламалық қамтамасыз етуінде автокөлік құралдарының дұрыс жүрмеуін айқындаудың мынадай функциялары болады:

1) көлік құралының тиісті типі үшін белгіленген шектеулерді ескере отырып, көлік құралының жүру жылдамдығын мониторингілеу және талдау;

2) жалпыға ортақ пайдаланылатын жолдармен жүру кезінде көлік құралының биіктігі, ені және ұзындығы бойынша бұзушылықтарды анықтауды қоса алғанда, көлік құралының габариттерінің осы жол учаскесі үшін жол берілетін нормаларға сәйкес келмеуін айқындау;

3) барлық жүрулерді және күні, уақыты, көлік құралының түрі және оның габариттері сияқты тиісті деректерді тіркеу.

5. АӨС көлік жүктемесін талдауға сәйкес, көлік қозғалысының деңгейі жоғары жол учаскелеріне, әсіресе жүк көлігі көп жүретін учаскелерде, оларды айналып өту, сондай-ақ көлік құралдарының жол жамылғысынан тыс жол жиегіне шығу мүмкіндігін болдырмайтын жерлерде орнатылады.

6. Жалпыға ортақ пайдаланылатын жолдармен жүру кезінде автокөлік құралдарының нақты габариттік параметрлерін өлшеу оның барлық осьтерінің біркелкі орналасуын қамтамасыз ететін жол төсемінің немесе өзге алаңның бетінен ұзындығы, ені және биіктігі бойынша екі шеткі нүктенің бекітілуін ескере отырып, дәлдігі жоғары лазерлік өлшеу жүйелерінің көмегімен жүргізіледі.

7. МТНБ тану автоматты түрде автокөлік құралының өлшеу аймағын кесіп өту кезінде бейнекамерадан алынған автомобильдің фотосуреті және/немесе бейне ағыны негізінде жүзеге асырылады.

8. АӨС өлшеу сенсорлары мен фото-, бейнетіркеу жабдықтарының деректері негізінде жол қозғалысы қағидаларының мынадай бұзушылықтарын автоматты түрде тіркейді:

1) жалпыға ортақ пайдаланылатын жолдармен жүру кезінде автокөлік құралдарының рұқсат етілген салмақтық және габариттік параметрлерінен асып кетуі;

2) автокөлік құралдарының белгіленген қозғалыс жылдамдығынан асып кету;

3) жол белгілерімен немесе жолдың жүру бөлігін белгілеумен белгіленген талаптарды бұзу;

4) автокөлік құралдарының АӨС арқылы дұрыс өтпеуін айқындау (дұрыс емес өтпеге күрт үдеу және тежеу, бұлғау, жол таңбалау сызығынан және/немесе таразы жабдығының орналасу шекарасынан шығу, қарама-қарсы бағытта жүру, алда келе жатқан көлік құралымен аралықты сақтамау жатады).

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

9-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 25.05.2026 № 123 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Автокөлік құралдарының жол жүруі туралы, оның ішінде жол берілетін, АӨС бекітілген салмақ және габариттік параметрлерден асуы туралы ақпарат ақпараттандыру және ақпараттық қауіпсіздік саласындағы заңнаманың талаптарына сәйкес қолжетімді цифрлық байланыс арналары арқылы автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті органның АЖ-не беріледі.

10. АӨС пайдалану кезінде ақпараттың сақталуы мынадай авариялық жағдайлар кезінде қамтамасыз етіледі:

1) кернеудің сәтсіздіктері – қуатты тұтынушылардың қосылуына байланысты электр желісіндегі жүктеменің күрт артуы кезінде қысқа мерзімді төмендеулер;

2) жоғары вольтты импульстар – жақын найзағай разрядынан немесе авариядан кейін қосалқы станцияда кернеудің қосылуынан туындайтын кернеудің қысқа мерзімді елеулі ұлғаюы;

3) электр энергиясын толық ажырату – электр станциясындағы авариялар, ауыр жүктемелер салдарынан электр энергиясын толық ажырату;

4) жоғары кернеу – қуатты тұтынушылардың ажыратылуынан туындайтын желідегі кернеудің қысқа мерзімді ұлғаюы;

5) жиіліктің тұрақсыздығы – әдетте, энергия жүйелеріндегі әртүрлі шамадан тыс жүктемелерден туындайтын;

6) байланыс арналарының бұзылуы немесе істен шығуы;

7) қатты магниттік дискілердегі жинақтауыштардың істен шығуы мен істен шығуын қоса алғанда, АӨС толық немесе ішінара істен шығуы;

8) бағдарламалық қамтамасыз ету жұмысындағы ақау.

11. Алынған мәліметтер көлік құралының өлшенетін параметрлерін есептеу үшін жергілікті мамандандырылған бағдарламалық жасақтамамен өңделеді.

12. АӨС таразы жабдығы 1-кестеде көрсетілген таразы жабдығының сипаттамаларына қойылатын негізгі талаптарға сәйкес келеді.

1-кесте. Таразы жабдығының сипаттамаларына қойылатын негізгі талаптар

№	Сипаттама атауы	Сипаттама
1	Пайдалану орнында орнату әдісі	стационарлық
2	Жүк қабылдау құрылғысының түрі	осьаралық қашықтық пен осьтердің санын анықтауға мүмкіндік беретін жабдықты өндірушінің нұсқаулығына сәйкес кенепке салынатын орналастыру
3	Санақ құрылғысының түрі	дискретті
		жүріс бөлігінің деңгейінде осьаралық арақашықтықты және осьтердің санын анықтауға

4	Жүк қабылдау құрылғысын орнату	мүмкіндік беретін жабдықты өндірушінің нұсқаулығына сәйкес шұңқыр
5	Тәулігіне өлшеу саны	шектелмеген
6	Жұмыс режимі	қарқынды
7	Автокөлік құралының жалпы массасын өлшеу диапазоны	кемінде 400 кг-нан 120000 кг-ға дейін
8	Доңғалақтардың габаритін бекіту мүмкіндігі	иә
9	Автокөлік құралының осіне ең аз жүктеме	кем дегенде 1000 кг-нан 20000 кг-ға дейін
10	Дискреттілік (d)	10 кг
11	Пайдалану кезінде және жөндеуден кейін автокөлік құралының жалпы массасын өлшеу кезінде жіберілетін қателіктің шегі	$\pm 7\%$
12	Бір оське жүктемені өлшеу кезінде, пайдалану кезінде және жөндеуден кейін рұқсат етілген қателік шектері	$\pm 10\%$
13	Осьтер тобына жүктемені өлшеу кезінде, пайдалану кезінде және жөндеуден кейін рұқсат етілген қателік шектері	$\pm 10\%$
14	МТНБ анықтаудың максималды уақыты	10 с артық емес
15	Жұмыс температурасының диапазоны	-50 оС-тан +60 оС-қа дейін
16	Ылғалдылықтың жұмыс диапазоны	30 – 100 %
17	Автокөлік құралының осьаралық қашықтығын қателікпен өлшеу	+/- 50 мм
18	Айнымалы ток электр қуатының параметрлері: кернеу жиілігі тұтыну	187 В бастап 242 В дейін 49 Гц-тен 51 Гц-ке дейін 950 Вт артық емес
19	Қорғау дәрежесі: Салмақ сенсорлары Салмақ өлшеу құралдары Аппараттық шкаф	IP68 кем емес IP66 кем емес IP65 кем емес
20	Жолақтағы жүктеме датчиктерінің саны	Осьаралық қашықтық пен осьтер санын анықтауға мүмкіндік беретін жабдықты өндірушінің нұсқаулығына сәйкес
21	Жүктеме контроллеріндегі тәуелсіз арналар саны	Өндірушінің құжаттамасына сәйкес, бірақ кемінде 8
22	Рұқсатсыз өзгерістерден, бұрмаланулардан, деректерді жоюдан қорғау	иә

23	МТНБ тану камералары	Камераға орнатылған МТНБ тану бағдарламалық жасақтамасымен
24	Жалпы көріністі қарау камерасы	Кемінде 4 Мп

13. АӨС бағдарламалық жасақтамасының функционалдығы:

1) өлшеу учаскесінде жол жүрісінің белгіленген қағидаларын шектемей, қозғалыстағы АҚ параметрлерін өлшеу.

2) алынған ақпаратты жергілікті деректер базасында сақтау;

3) деректерді іргелес жүйелерге беру және интеграциялау;

4) пайдаланушыны жүйенің жай-күйі туралы кейіннен хабардар ете отырып, жүйе жабдығының автоматтандырылған диагностикасы;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

5) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 25.05.2026 № 123 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5) ақпараттық қауіпсіздік саласындағы заңнама талаптарына сәйкестігі;

6) аппараттық деңгейдегі қорғау деңгейі;

7) шығыс деректерін ұсыну (ең аз тізбе):

автокөлік құралының толық салмағы;

осьтер туралы ақпарат (доңғалақтар мен осьтерге жүктеме, ось аралық қашықтық, осьтер саны);

жалпыға ортақ пайдаланылатын жолдармен жүру кезіндегі автомобильдің жылдамдығы мен өлшемдері;

қозғалыс бағыты;

теңгерімсіздік (%- дағы сол/оң айырмашылық);

көлік құралдары арасындағы уақыт (қозғалыс тығыздығы);

дұрыс емес жол жүру және салмақ өлшеуден жалтару;

автокөлік құралдарының жіктелуі.

9) әкімшілік құқық бұзушылық бойынша айыппұл төлеу қажеттігі туралы электрондық нұсқама жасау үшін "ӘІБТ" ПО-мен одан әрі интеграциялау үшін КДҚ АТЖ-ға ақпарат беру мүмкіндігі.

14. АӨС таразы жабдықтары мынадай талаптарға сәйкес келеді:

1) сыртқы әсерлерге төзімділік:

сыртқы ортаның климаттық факторларының әсеріне төзімділігі бойынша таразы КСҚ 4.2 санатының МЕМСТ 15150 орындалуына сәйкес келеді;

қоршаған ортаның әсерінен қорғалған таразы МЕМСТ 12997 стандартына сәйкес келеді.

2) сенімділік көрсеткіші (таразылардың істен шығу өлшемшарты ретінде олардың жұмыс істеуінің бұзылуы және/немесе метрологиялық сипаттамалардың нормаланатын мәндеріне сәйкес келмеуі қабылданады):

таразының орташа қызмет ету мерзімі – кемінде 5 жыл;

2000 сағат ішінде жұмыс істеу ықтималдығы – 0,99 %.

3) қауіпсіздік:

таразы конструкциясына қойылатын жалпы қауіпсіздік талаптары MEMСТ 12.2.003 стандартына сәйкес келеді;

таразы электр жабдықтарына қойылатын жалпы қауіпсіздік талаптары MEMСТ 12.2.007.0 стандартына сәйкес келеді;

таразыны қорғау жерге тұйықтауға қойылатын талаптар MEMСТ 12.1.030 стандартына сәйкес келеді;

қалыпты жағдайда MEMСТ 12997 бойынша қоршаған ауа температурасы минус 45 оС-тан 70 оС-қа дейін және салыстырмалы ылғалдылығы 30%-дан 80%-ға дейін кез келген күштік электр тізбектері мен корпус арасындағы оқшаулаудың электрлік кедергісі кемінде 20 Мом сәйкес келеді;

минус 45 оС-тан 70 оС-қа дейінгі қоршаған ауа температурасында және 30%-дан 80%-ға дейінгі салыстырмалы ылғалдылықта электр тізбектері мен корпус арасындағы электрлік оқшаулау бір минут ішінде бұзылмай және беттік қабаттасусыз 1500 В айнымалы ток кернеуіне төтеп береді.

15. АӨС МТНБ-ні кем дегенде 95% дәлдікпен анықтау мүмкіндігіне ие.

16. Жабдықты дайындаушы зауыт белгілеген жылдамдықта АӨС әрекет ету аймағында автокөлік құралдарының жүруі кезінде салмақ габариттік параметрлерін өлшейді.

17. АҚ дұрыс емес өтуін анықтаған кезде кескінді өңдеу және компьютерлік көру алгоритмі қолданылады, бұл көлік құралының кадрдағы қозғалысын анықтауға және оның қозғалыс траекториясын дәйекті кадрлар негізінде есептеуге мүмкіндік береді, немесе АӨС қолданылатын аймақта көлік құралының жүріп өтуінің бейнежазбасы пайдаланылады.

18. Өнеркәсіптік пайдалануға енгізілгенге дейін MEMСТ ISO/IEC 17025-2019 " Сынақ және калибрлеу зертханаларының құзыреттілігіне қойылатын жалпы талаптар" стандартының талаптарына сәйкес өлшеу құралдарын тексеруді жүргізуге ұлттық аккредиттеу жүйесінде аккредиттелген тексеру зертханасы орындаған көлік құралының динамикалық және статикалық параметрлерін өлшеудің автоматты жүйелерін метрологиялық тексеру туралы оң нәтижелері сертификаттары бар әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі уәкілетті органдардың нұсқамалары.

19. Республикалық жолдарда АӨС арқылы өту кезінде алдынан қозғалатын көлік құралымен қозғалыс аралығын кемінде 30 метр сақтау талап етіледі.

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

АӨС – автоматтандырылған өлшеу станциясы;

МТНБ – мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

4-жол жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 25.05.2026 № 123 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

АҚ – ақпараттық жүйе;

кг – килограмм;

оС – Цельсий градусы;

% – пайыз;

В – вольт;

Гц – герц;

Вт – ватт;

с – секундтар;

мм – миллиметр;

БК – бағдарламалық қамтамасыз ету;

Мп – мегапиксель;

АҚ – автокөлік құралы;

КДҚ АТЖ – Көліктік деректер қоры ақпараттық-талдамалық жүйесі және тасымалдау қауіпсіздігі динамикасының мониторингі;

"ӘІБТ" ПО – "Әкімшілік іс жүргізудің бірыңғай тізілімі" процессингтік орталығы;

ҚСК – қоңыржай және суық климат;

Мом – мегаом.

Автоматтандырылған өлшеу
станцияларының жұмысын
ұйымдастыру қағидаларына
2-қосымша

Айнымалы ақпарат тақтасының параметрлері

Ескерту. Қағидалар 2-қосымшамен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің 27.05.2025 № 168 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 29.12.2025 № 452 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№	Параметр атауы	Сипаттама
1	Өлшем	960x1920 миллиметрден кем емес
2	Қаріп өлшемі	P10 кем емес
3	Қорғау дәрежесі	IP65
4	Жұмыс температурасының диапазоны	-50 0С-тан +60 0С-қа дейін
5	Көрсетілетін ақпарат	Мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі Салмақ өлшемдерінің артуы

6	Ақпараттық тақтаны орнату орны	Орнату учаскесінде орнатылған жылдамдық режимін ескере отырып, қозғалыс бағыты бойынша автоматтандырылған өлшеу станциясынан кейін 90-200 метр.
---	--------------------------------	---

Автоматтандырылған
өлшеу станцияларының
жұмысын ұйымдастыру
қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 27.05.2025 № 168 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Тізілімге енгізу үшін автоматтандырылған өлшеу станцияларының орналасқан жері туралы ақпарат

Ұсынылады: уәкілетті органға.

Әкімшілік деректердің нысаны интернет-ресурста орналастырылған: www.gov.kz.

Әкімшілік дереккөздер нысанының атауы: Тізілімге енгізу үшін автоматтандырылған өлшеу станцияларының орналасқан жері туралы ақпарат.

Әкімшілік дереккөздер нысанының индексі (нысан атауының әріптік-сандық қысқаша көрінісі): 1-ӨСОЖТА

Кезеңділік: жыл сайын.

Есепті кезең: 20 жыл.

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: Ұлттық оператор және жергілікті атқарушы органдар.

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: жыл сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмейтін мерзімде.

ЖСН/БСН

[illegible]

Жинау әдісі: электронды түрде.

№	Автоматт андырыл ғ а н өлшеу станциял арының оператор	Автоматт андырыл ғ а н өлшеу станциял арының оператор ының мекенжа й ы , байланыс телефоны	Автоматт андырыл ғ а н өлшеу станциял	Автоматт андырыл ғ а н өлшеу станциял	Автоматт андырыл ғ а н өлшеу	Автоматт андырыл ғ а н өлшеу станциял	Автоматт андырыл ғ а н өлшеу станциял арының тізіліміне енгізілеті н өзгерісте р мен	Автоматт андырыл ғ а н өлшеу станциял арының тізіліміне	Ескерту
---	---	---	---	---	---------------------------------------	---	--	---	---------

	ының атауы	, электрон дық пошта мекенжа йы	арының орналасқ ан орны	арының жұмыс режимі	станциял арының түрі	арының саны, бірлік	толықты рулар	н алып тастау	
1.									
2.									
3.									
4.									
...									

Оператордың атауы _____

Оператордың мекенжайы _____

Оператордың телефоны _____

Оператордың электрондық почта мекенжайы _____

Орындаушы _____ қолы, телефон _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам

_____ қолы _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Мөрдiң орны (жеке кәсiпкерлер болып табылатын тұлғалардан қоспағанда)

Нысанға қосымша

"Тiзiлiмге енгiзу үшiн автоматтандырылған өлшеу станцияларының орналасқан жері туралы ақпарат" әкiмшiлiк деректер нысанын толтыру бойынша түсiнiктеме (Индекс: 1-ӨСОЖТА, кезеңдiлiгi жыл сайын, есептi кезеңнен кейiнгi айдың 10-күнiнен кешiктiрмейтiн мерзiмде)

"Тiзiлiмге енгiзу үшiн автоматтандырылған өлшеу станцияларының орналасқан жері туралы ақпарат" әкiмшiлiк деректер нысанында мынадай деректер енгiзiледi:

1-бағанда ретi бойынша нөмiр көрсетiледi, бұл ретте кейiнгi ақпарат ретi бойынша нөмiрлеудi үзбейдi;

2-бағанда автоматтандырылған өлшеу станциялары операторының атауы көрсетiледi;

3-бағанда автоматтандырылған өлшеу станциялары операторының мекенжайы (индекс, (облыс, аудан, қала, кент, ауыл - Әкiмшiлiк-аумақтық объектiлер жiктеуiшiне (ӘАОЖ) сәйкес) көше, үй), байланыс телефоны, электрондық пошта мекенжайы көрсетiледi;

4-бағанда автоматтандырылған өлшеу станциялары операторының орналасқан орны көрсетiледi;

5-бағанда автоматтандырылған өлшеу станциялары операторының жұмыс режимi көрсетiледi;

6-бағанда автоматтандырылған өлшеу станциялары операторының түрi көрсетiледi;

7-бағанда автоматтандырылған өлшеу станциялары операторының саны көрсетіледі , бірлік;

8-бағанда автоматтандырылған өлшеу станциялары операторының тізіліміне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар көрсетіледі;

9-бағанда автоматтандырылған өлшеу станциялары операторының тізілімінен алып тастауы көрсетіледі;

10-бағанда ескерту көрсетіледі.